Баспасөз хабарламасы
Астана қ., 11 қараша 2026 жыл

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС жүйесі бойынша мұнай экспорты 29%-ға өсті

«ҚазТрансОйл» АҚ пен CNPC бірлесіп бақылайтын «МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» ЖШС 2026 жылдың 10 айындағы өндірістік қызметінің қорытындысын шығарды.

Есепті кезеңде «Кеңқияқ – Атырау» магистральдық мұнай құбыры жүйесі арқылы 5 млн 526 мың тонна мұнай тасымалданды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 11%-ға жоғары. Оның ішінде компания ішкі нарыққа 4 млн 679 мың тонна мұнай тасымалдады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8%-ға артық. Экспортқа 847 мың тонна мұнай жөнелтілді. Бұл өткен жылдың 10 айындағы көрсеткіштен 29%-ға жоғары.

2026 жылдың 10 айында «Кеңқияқ – Атырау» магистральдық мұнай құбыры бойынша мұнайдың жүк айналымы 2 млрд 304 млн тонна-километрді құрады. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9%-ға артық.

Өндірістік көрсеткіштердің өсуі отандық мұнай өңдеу зауыттарын мұнаймен қамтамасыз ету мақсатында ішкі нарыққа тасымалдау көлемінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кестесіне сәйкес экспорт бағытындағы тасымал көлемінің ұлғаюымен байланысты.

«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» ЖШС – «ҚазТрансОйл» АҚ (51%) және CNPC Exploration and Development Company Ltd. (49%) бірлескен кәсіпорны. Компания «Кеңқияқ-Атырау» магистральдық мұнай құбырын жобалау, қаржыландыру, салу және пайдалану мақсатында құрылған.

«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы